

2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 54 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 сәуірде № 27633 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 18404 болып тіркелген) сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы бойынша 2022 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері бекітілсін.

3. "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысы әкімінің міндетін атқарушы

Б. Орынбасаров

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2022 жылғы 14 сәуірдегі
№ 54

Маңғыстау облысының 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Ескерту. 1- қосымша жаңа редакцияда Маңғыстау облысы әкімдігінің 14.11.2022 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидиялар көлемі	Субсидиялар сомасы, теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	110	1 100 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	10	150 000
2	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	7	1 050 000
Барлығы: 2 300 000					
Қой шаруашылығы					
3	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
3.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	4000	50	200 000
3.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2500	200	500 000
4	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	10	150 000
Барлығы: 850 000					
Етті құс шаруашылығы					
5	Құс етін өндіру құнын арзандату				
5.1	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	1 303 950	65 197 500
Барлығы: 65 197 500					

Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
6	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	1000	60 000
Барлығы: 60 000					
Жергілікті бюджеттен қаражат есебінен					
7	2022 жылға ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату				
7.1	Ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	1600	32 000 000
7.2	Ұсақ қара малдың аналық басы		5000	28 620	143 100 000
7.3	Жылқылардың аналық басы		20 000	12 875	257 500 000
7.4	Түйелердің аналық басы		20 000	7920	158 400 000
8	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	1000	55 000
Барлығы: 591 055 000					
2021 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялаудың резервіндегі (күту парағы) субсидиялар көлемдері					
9	Құс етін өндіру құнын арзандату				
9.1	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	357 450	17 872 500
10	Ауыл шаруашылығы малдарының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату				
10.1	Ірі қара малдың аналық басы	бас	15 000	143	2 145 000
10.2	Жылқылардың аналық басы		10 000	2170	21 700 000
13.3	Түйелердің аналық басы		10 000	552	5 520 000
Резерв (күту парағы) бойынша барлығы: 47 237 500					
Жиынтығы: 706 700 000					

Маңғыстау облысы бойынша 2022 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшемшарттары	А у ы л шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесінде субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінім беру мерзімі
1	Ірі қара малдың аналық басы	1) өтінім берген сәтте меншікті (сиырлар мен 18 айдан асқан қашарлардың); 2) жайылымдардың болуы	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ақпараттық қоры мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	Ағымдағы жылғы 15 сәуірінен 20 желтоқсанға дейін (коса алғанда)
2	Ұсақ қара малдың аналық басы	1) өтінім берген сәтте қой/ешкінің меншікті аналық басы (12 айдан асқан); 2) жайылымдардың болуы		
3	Жылқылардың аналық басы	1) өтінім берген сәтте меншікті аналық басы (36 айдан асқан); 2) жайылымдардың болуы		
4	Түйелердің аналық басы	1) өтінім берген сәтте меншікті аналық басы (36 айдан асқан); 2) жайылымдардың болуы		